

Қорғалжын ауданының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 3/23 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 мамырда № 4189 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 7/12 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 22.12.2016 № 7/12 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 39-3 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандығы № 1106 қаулысымен бекітілген бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларына сәйкес Қорғалжын аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Қоса беріліп отырған Қорғалжын ауданының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрагасы
Аудандық мәслихат
хатшысы

H. Тәжин

Ө. Балғабаев

"КЕЛІСІЛДІ"
Қорғалжын аудан әкімінің м.а.

C. Ахметов

Қорғалжын аудандық мәслихатының
2014 жылғы 9 сәуірдегі
№ 3/23 шешімімен
бекітілген

Қорғалжын ауданының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары

1. Жалпы ережелері

1. Осы Қорғалжын ауданының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39–3 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларына сәйкес әзірленді және Қорғалжын ауданы ауылдардың, ауылдық округтердің, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу үшін белгілейді.

2. Қорғалжын ауданы ауылдардың, ауылдық округтердің аумағындағы ауылдардың, көшениң, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі – бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиынды ауылдық округтің әкімі шақырады.

Қорғалжын ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы аудандық газеті арқылы немесе өзге де тәсілдермен өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде Бөлек жиынды өткізу ді ауылдық округтің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында тиісті ауылдың, көшениң, көппәтерлі тұрғын үйдің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың тіркеуі жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілдегі берген тұлға ашады.

Ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілдегі берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі

тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын ауылдық округтің аумағындағы ауылдың, көше, көппәтерлі тұрғын үй сайлаушыларының жалпы санының 1% мөлшерінде ұсынады. Жергілікті қоғамдастық жиыны мен жергілікті қоғамдастық жиналысына кәмелетке толмаған адамдардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың қатысуға құқығы жоқ.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидасы негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ауылдық округ әкімінің аппаратына береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК